



010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы,
Есіл ауданы, Сауран көшесі, 12,
тел.: 8(717) 2 580-839, 2591-600
8(727)2 587-219, 2 587-215
e-mail: telecom@telecom.kz, www.telecom.kz

010000, Республика Казахстан, г. Астана
район Есиль, ул. Сауран, 12
тел.: 8(717) 2 580-839, 2 591-600
8(727)2 587-219, 2 587-215
e-mail: telecom@telecom.kz, www.telecom.kz

БАСПАСӨЗ-ПАРАҚШАСЫ

Табыстың өсуі, ауқымды инфрақұрылымдық жобалар және қызмет сапасына басымдық: «Қазақтелеком» 2024 жылдың қорытындысын шығарды

11.04.2025 ж.

Астана қ.

Жедел цифрландыру және телеком-инфрақұрылымға сұраныстың артуы жағдайында «Қазақтелеком» компаниялар тобы тұрақты өсу серпінін және өз сервистерін жүйелі жаңғыртып жатқанын көрсетуде. Қазақстан қор биржасының алаңында өткен дәстүрлі «Эмитент күнінде» «Қазақтелеком» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Арнұр Нұрқатов компания қызметінің 2024 жылғы негізгі нәтижелерін ұсынып, болашаққа басымдықтарды белгіледі.

Оның айтуынша, күрделі шығындардың өсуі мен өршіл жобалардың жүзеге асырылуына қарамастан, топ тұрақты қаржылық тұғырын сақтай алды. Мәселен, өткен жылдың қорытындысы бойынша еншілес мобильді операторы – «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-ның (бұдан әрі – «МТ-С») нәтижелерін ескере отырып, топтың жиынтық табысы 2023 жылмен салыстырғанда 8,2%-ға ұлғайып, 744 млрд теңгені құрады. EBITDA басқарушылық есептілік деректеріне сәйкес 309 млрд теңгеге жетіп, 3,7%-ға өскенін көрсетті.

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-нің 100% үлесін сату бойынша мәміле 2025 жылдың қаңтарында аяқталды. Осыған қарамастан, компания 2024 жылдың соңына дейін операторды толықтай өз бақылауында ұстады. Сондықтан Топтың қаржылық көрсеткіштерінің динамикасын салыстырмалы түрде көрсету үшін 2024 жылғы «МТ-С» қызметінің нәтижелерін ескере отырып, кірістілік көрсеткіштерін талдаймыз, олар біздің аудиттелген қаржылық есептілігімізде тоқтатылған қызмет құрамында көрсетіледі. Егер қызмет туралы айтатын болсақ, топтың табысы 2024 жылы 494,6 миллиард теңгені құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 4,6%-ға немесе 21,9 миллиард теңгеге артық. 2024 жылғы таза пайда 77,2 миллиард теңге деңгейінде қалыптасты», - деп атап өтті «Қазақтелеком» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Арнұр Нұрқатов.

Қаржылық көрсеткіштерге желілік инфрақұрылымды салып, дамытуға, клиенттік жабдықты жаңарту және цифрлық трансформация стратегиясы шеңберінде негізгі жобаларды іске асыруға ауқымды инвестициялардың арқасында қол жеткізілді. Атап айтқанда, компания 5G стандартын қарқынды енгізуде, абоненттердің ескірген ADSL-желісінен GPON-ға жаппай көшіру жұмыстарын жүргізді, сондай-ақ бүкіл ел бойынша жүздеген мың пайдаланушы үшін техникалық жаңғырту жасады. 2024 жылы іске асырыла бастаған маңызды, технологиялық жағынан күрделі және өршіл жобалардың бірі Әзірбайжан бағытында Каспий теңізінің түбінде су асты талшықты-оптикалық байланыс желісін салу жобасы болды.

«Компания тіркелген және ұялы байланыс нарығында жұмыс істейді. 4G және 5G желілерін белсенді түрде құрып, дамытып жатырмыз. Консорциум құрамында 5G базалық станцияларды салу бойынша лицензиялық міндеттемелерді асыра орындадық. 2024 жылдың соңында 2980 базалық станция, лицензиялық міндеттемелер кезінде 2350 базалық станция пайдалануға берілді», - деп атап өтті «Қазақтелеком» АҚ Стратегия және сыртқы активтерді басқару жөніндегі бас директоры Нұрлан Мейірманов.

«Тазарту» және Sara+ жобалары телеком-қызметтердің сапасын арттыру стратегиясының бір бөлігіне айналды. 70 мыңнан астам клиент мыс желісінен оптикалық желіге көшірілді, ал 200 мыңға жуық абоненттің үйінде ескірген роутердің орнына жылдамдығы жоғары интернетті қамтамасыз ететін жаңа құрылғылармен алмастырылды. Сондай-ақ, Астана, Алматы, Түркістан және Ақсай қалаларында 13

мыңнан астам оптикалық порт салынып, пайдалануға берілді. 2025 жылы қарқын сақталады: компания тағы 70 мың абонентті мыс желісінен оптикаға көшіріп, 75 мың клиентке жаңа роутер орнатуды және бүкіл ел бойынша 124 мың жаңа оптикалық портты пайдалануға беруді жоспарлап отыр.

Қазақтелеком тобы 2024 жылы байланыс және АТ инфрақұрылымына 215 миллиард теңге инвестиция салды. Инвестициялық бағдарлама тіркелген қолжетімділік желісін жаңғыртып, дамытуға, халықты интернетпен қамтамасыз ету деңгейін арттыру және байланыс сапасын жақсарту үшін ел аумағында мобильді желіні дамытуды көздейді. Инвестициялардың негізгі бөлігі: 5G, оптикалық қол жетімділік, тірек желілерін құру, сондай-ақ киберқауіптерден қорғау жүйелерін құру секілді жаңа технологияларды енгізуге бағытталған.

Болашақ даму бағыттарының қатарына жасанды интеллект негізінде шешімдерді енгізу жатады: AI-байланыс орталықтары, AI-платформалар, телемедицина, ақылды аялдамалар, бейне аналитика және тіпті дрондар. Стратегияда жаңа бағыт – Қазақстанның шалғай ауылдары мен аудандарында, оның ішінде интернет желісіне қосылу үшін байланысты ұйымдастыру үшін төмен орбиталық LEO жерсеріктік жүйелерімен ынтымақтастық ерекше орын алады.

Жақын арада компания есептеу, ЖИ тапсырмалары және машиналық оқыту үшін өзінің жоғары өнімді GPU кластерін құруды жоспарлап отыр.

«Бұл жобалар мен бастамалардың барлығы, әрине, қыруар инвестицияны қажет етеді, олардың кейбіреулері қарыз қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Алайда, бүгінде қаржылық тұрақтылық рұқсат етілген деңгейде сақталуда, қауіпсіздік қоры бар. Сонымен қатар, топтың кредиттік портфелінде валюталық қарыздар жоқ, бұл ұлттық валюта әлсіреген жағдайда валюталық тәуекелге ұшырау қаупін азайтады. 2024 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтерге, сондай-ақ «МТ – С» сату бойынша мәміле нәтижесінде дивидендтерге келетін болсақ, осы мәселелер бойынша компанияның акционерлері 15 мамырға жоспарланған Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында түпкілікті шешім қабылдауы тиіс», - деп қорытындылады «Қазақтелеком» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Арнұр Нұрқатов.

«Қазақтелеком» АҚ Қазақстанның телекоммуникация секторының көшбасшысы болып қала береді. Компания бүкіл ел бойынша тіркелген байланыс, кең жолақты интернет, ұялы байланыс, ақылы телевизия және цифрлық өнімдер қызметтерін ұсынады. Компанияның инфрақұрылымдық артықшылығы – 91,8 мың шақырымнан астам оптикалық байланыс желілері, Интернетке тіркелген кең жолақты қолжетімділіктің 1,9 млн абоненті және ақылы телевизияға қосылудың 1,2 миллионнан астам нүктесінен құралады.

Жедел цифрландыру және сенімді телеком-инфрақұрылымға деген өсіп келе жатқан қажеттіліктер жағдайында «Қазақтелеком» компаниялар тобы тұрақты өсу серпінін және өз желілерін жүйелі жаңғыртуды және сервистерді дамытуды көрсетеді. 2024 жылы компания Қазақстанның технологиялық флагманы мәртебесін тағы да растады, әрі болашаққа нық сеніммен аяқ басуда.

***«Қазақтелеком» АҚ Коммуникациялар және
брендті ілгерілету департаменті***